На внутренних стенках холодильного отделения образуется влага.	<ul style="list-style-type: none"> • Климат слишком теплый или слишком влажный. • Дверца/ящик холодильника не плотно закрыты. • Дверца/ящик холодильника слишком часто или слишком долго остается открытым. • Контейнеры с продуктами или жидкостями оставлены открытыми. 	<ul style="list-style-type: none"> • Увеличьте температуру. • Закройте дверцу/ящик. • Не открывайте дверцу/ящик слишком часто. • Перед помещением продуктов в холодильник дайте им охладиться до комнатной температуры, а также храните продукты и жидкости в закрытом виде.
На внешних поверхностях холодильника либо между дверцами/дверцей и ящиком скапливается влага.	<ul style="list-style-type: none"> • Климат слишком теплый или слишком влажный. • Дверца/ящик холодильника не плотно закрыты. Конденсация холодного воздуха в холодильнике и теплого воздуха снаружи. 	<ul style="list-style-type: none"> • При влажном климате это нормальное явление, ситуация изменится после уменьшения уровня влажности. • Убедитесь, что дверца/ящик плотно закрыт.
В морозильной камере слишком большое количество льда или инея.	<ul style="list-style-type: none"> • Продукты не упакованы должным образом. • Дверца/ящик холодильника не плотно закрыты. • Дверца/ящик холодильника слишком часто или слишком долго остается открытым. • Уплотнение ящика/дверцы грязное, изношенное, треснутое или не подходит. • Внутри какой-то предмет препятствует плотному закрытию ящика/дверцы. 	<ul style="list-style-type: none"> • Всегда упаковывайте продукты должным образом. • Закройте дверцу/ящик. • Не открывайте дверцу/ящик слишком часто. • Очистите уплотнительную прокладку дверцы/ящика или замените ее новой. • Переместите в новое положение полки, дверные полки или внутренние контейнеры, чтобы дверца/ящик смогли закрыться.

НАХОЖДЕНИЕ И УСТРАНЕНИЕ НЕИСПРАВНОСТЕЙ

Неисправность	Вероятная причина	Возможное решение
Холодильник издает необычные звуки.	<ul style="list-style-type: none">• Холодильник расположен на неровной поверхности.• Холодильник соприкасается к расположенным рядом предметам.	<ul style="list-style-type: none">• Отрегулируйте ножки холодильника для его выравнивания.• Удалите предметы вокруг холодильника.
Слышится легкий звук похожий на журчание воды.	<ul style="list-style-type: none">• -	<ul style="list-style-type: none">• Это нормальное состояние.
Вы услышите звуковой сигнал тревоги.	<ul style="list-style-type: none">• Дверца холодильной камеры открыта.• Температура в морозильной камере слишком высокая.	<ul style="list-style-type: none">• Закройте дверцу или выключите звуковой сигнал.• Включение сигнала тревоги является нормальным при первом включении холодильника в связи с тем, что температура относительно более высокая. Вы можете выключить звуковой сигнал тревоги вручную (см. раздел ЭКСПЛУАТАЦИЯ)
Вы услышите слабое гудение.	<ul style="list-style-type: none">• Работает антиконденсатная система.	<ul style="list-style-type: none">• Это позволит предотвратить образование конденсата и является допустимым.
Внутреннее освещение или холодильная система не работают.	<ul style="list-style-type: none">• Штепсельная вилка не включена в розетку.• Источник питания не работает.• Светодиодная лампа вышла из строя.	<ul style="list-style-type: none">• Включите вилку в розетку.• Проверьте исправность питания в помещении. Обратитесь в местную энергетическую компанию.• Обратитесь в сервисный центр для замены лампы.

Отключение питания

В случае отключения электричества продукты будут оставаться охлажденными в течение 16 часов. В случае продолжительного отключения питания следуйте данным советам, особенно летом:

- Открывайте дверцу/ящик как можно реже.
- Во время отключения питания не помещайте в холодильник дополнительные продукты.
- В случае предупреждения об отключении электричества и его продолжительности более 16 часов приготовьте немного льда и поместите его в контейнер в верхней части холодильной камеры.
- Сразу после отключения электричества следует осмотреть продукты.
- После отключения питания или при возникновении иной неисправности температура в холодильнике повысится, период хранения и пищевое качество продуктов снизится. Для предотвращения риска для здоровья замораживаемые продукты должны быть сразу употреблены или приготовлены и снова заморожены (в соответствующих случаях).

УСТАНОВКА

Распаковывание



ВНИМАНИЕ!

- Этот холодильник является тяжелым. Для его перемещения необходимо участие не менее двух человек.
- Храните все упаковочные материалы в недоступном для детей месте и утилизируйте их экологически безопасным способом.

Условия окружающей среды

Температура в помещении должна составлять от 10° С до 43° С, так как она может повлиять на температуру внутри холодильника и количество потребляемой электроэнергии. Не устанавливайте изделие вблизи других тепловыделяющих приборов (печей, холодильников) без изоляции.


Перевешивание дверцы

Перед установкой изделия убедитесь в правильности положения петли дверцы. Необходимо изучить раздел ПЕРЕВЕШИВАНИЕ ДВЕРЦЫ.

Требование к пространству


Требуемое пространство при открывании дверцы:





Модель	Ширина изделия в мм		Глубина изделия в мм	
	W1	W2	D1	D2
A3FE742C*JRU	1100	-	700	1323
C3FE744C*JRU				



Сечение вентиляционных отверстий

Для обеспечения надлежащей вентиляции холодильника с целью безопасности необходимо руководствоваться данными по требуемым сечениям вентиляционных отверстий.





Установка изделия

Прибор должен размещаться на ровной и прочной поверхности.

1. Наклоните холодильник слегка назад.
2. Отрегулируйте ножки до требуемого уровня.

Чтобы дверца открывалась должным образом, убедитесь, что расстояние до стены со стороны петли составляет не менее 100 мм.

3. Устойчивость можно проверить путем поочередного постукивания по диагоналям. Легкое покачивание должно быть одинаковым в обоих направлениях. Иначе рама может деформироваться; в результате может иметь место протекание дверных уплотнений. При слабом отклонении холодильника назад процесс закрывания дверцы будет облетен.

Время ожидания

Смазочное масло находится в капсуле компрессора. Масло может разойтись через систему закрытых труб во время наклона холодильника при транспортировке. Перед включением холодильника в розетку необходимо выждать 2 часа, чтобы масло затекло обратно в капсулу.

Электрическое подключение

Перед каждым подключением проверяйте следующее:

- Соответствие источника электропитания, розетки и предохранителя данным заводской таблички.
- Наличие заземления розетки, отсутствие многоштырькового разъема, удлинителя и переходников
- Строгое соответствие штепсельной вилки и розетки.

Штепсельная вилка должна включаться в должным образом установленную бытовую розетку.



ВНИМАНИЕ!

Во избежание рисков обратитесь в сервисный центр для замены шнура питания (см. гарантийную карту).

УСТАНОВКА

Перевешивание дверцы


Перед включением холодильника в розетку проверьте необходимость перевешивания дверцы с правой стороны (положение при покупке) на левую, если это может потребоваться в соответствии с местом установки холодильника и особенностями эксплуатации.
















ВНИМАНИЕ!

- Этот холодильник является тяжелым. Для выполнения перевешивания дверцы необходимо участие двух человек.
- Перед выполнением любых операций сначала выключите холодильник из розетки.
- Во избежание повреждения холодильной системы не наклоняйте холодильник больше, чем на 45°.

1. Используйте необходимые инструменты.
2. Выключите изделие из розетки.
3. Снимите фиксатор крышки.
4. Снимите лицевую панель корпуса.
5. Снимите верхнюю пластину верхней дверцы.
6. Снимите крышку петли.
7. Отключите соединительный кабель.
8. Отвинтите верхнюю петлю.
9. Осторожно поднимите освобожденную верхнюю дверцу и снимите ее с нижней петли.
10. Поверните верхнюю дверцу вверх ногами и измените положение держателя петли на нижней стороне дверцы.
11. Переместите дверной упор с текущего положения в противоположное.
12. Отвинтите нижнюю петлю верхней дверцы.





13. Переместите пробки-заглушки и винт сбоку.

Следующие шаги (a-f) необходимы только для модели C3FE744C*JRU:

- a. Снимите нижнюю дверцу
 - b. Переместите пробки-заглушки в верхней части нижней дверцы.
 - c. Переместите дверной упор в нижней части нижней дверцы с текущего положения в противоположное
 - d. Отвинтите нижнюю петлю
 - e. Извлеките из пакета с аксессуарами новые нижние петли и привинтите новую нижнюю петлю к другой стороне дверного проема
 - f. Осторожно поднимите нижнюю дверцу, ориентируясь на нижнюю петлю, чтобы осевой стержень попал в держатель петли.
14. Извлеките из пакета с аксессуарами новые петли и привинтите новую нижнюю петлю верхней дверцы к другой стороне дверного проема.

(Только модель C3FE744C*JRU) Убедитесь, что осевой стержень попал в держатель петли.

15. Осторожно поднимите дверцу, ориентируясь на нижнюю петлю, чтобы осевой стержень попал в держатель петли.
16. Зафиксируйте винтами верхнюю петлю.
17. Протяните через крышку петлю соединительный кабель (находится в пакете с аксессуарами), чтобы он проходил над петлей.
18. Подключите соединительный кабель и поместите его в отверстие.
19. Установите на место лицевую панель и крышку, зафиксируйте ее с помощью винтов и установите обратно крепление (см. рис. 3).

После перевешивания дверцы убедитесь, что уплотнения дверцы на корпусе расположены правильно, и все винты хорошо затянуты.

ТЕХНИЧЕСКИЕ ДАННЫЕ

Справочный листок технических данных в соответствии с положением ЕС № 1060/2010

Торговая марка	Haier		
Номер модели	A3FE742C*JRU		C3FE744C*JRU
Категория модели	Холодильник - морозильник		
Класс энергосбережения	A++		
Годовое потребление электроэнергии	313		321
Объем холодильной камеры (Л)	307		314
Объем морозильной камеры (Л)	129		136
Оценка морозильной камеры	****		
Температура других отделений > 14°C	Не применимо		
Система без образования инея	да		
Защита от отключения питания (ч)	16		
Производительность по замораживанию (кг/24 ч)	12		
Класс климатических условий Это изделие предназначено для эксплуатации при температуре наружного воздуха от 10 °C до 43°C.	SN-N-ST-T		
Излучение акустического шума в атмосферу (дБА на 1 ПВт)	38		
Тип конструкции	Свободно стоящий		

1) на основании результатов стандартных испытаний в течение 24 ч. Фактическое потребление электроэнергии будет зависеть от характера эксплуатации и места установки.

Дополнительные технические данные

Напряжение / Частота	220-240V ~/ 50Hz
Ток на входе (А)	1.4
Главный предохранитель (А)	15
Хладагент	R600a
Габаритные размеры (В/Ш/Г в мм)	1905 /700/676

*=C/O/R/S/T/B/W/X/F/GB/GW/GR...

ОБСЛУЖИВАНИЕ КЛИЕНТОВ

Служба поддержки клиентов

Мы рекомендуем обращаться в службу поддержки клиентов компании «Хайер», а также использовать оригинальные запасные части. Если у вас возникли проблемы с вашей бытовой техникой, пожалуйста, сначала изучите раздел «Устранение неисправностей».

Если вы не нашли решения проблемы, пожалуйста, обратитесь:

— к вашему официальному дилеру или

— в наш колл-центр:

8-800-250-43-05 (РФ),

8-10-800-2000-17-06 (РБ),

00-800-2000-17-06 (Узбекистан),

0-800-501-157 (Украина),

— на сайт www.haier-europe.com, где вы можете оставить заявку на обслуживание, а также найти ответы на часто задаваемые вопросы.

Обращаясь в наш сервисный центр, пожалуйста, подготовьте следующую информацию, которую вы можете найти на паспортной табличке и в чеке:

Модель _____

Серийный номер _____

Дата продажи _____



Также, пожалуйста, проверьте наличие гарантии и документов о продаже

Важно! Отсутствие на приборе серийного номера делает невозможной для Производителя идентификацию прибора и, как следствие, его гарантийное обслуживание.

Запрещается удалять с прибора заводские идентифицирующие таблички. Отсутствие заводских табличек может стать причиной отказа выполнения гарантийных обязательств.

В настоящий документ могут быть внесены изменения без предварительного уведомления.

Производитель оставляет за собой право вносить изменения в конструкцию и комплектацию изделия без дополнительного уведомления.

Haier бұйымына артықшылық көрсеткеніңіз үшін Сізге алғыс білдіреміз.

Пайдаланар алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып танысыңыз. Ол Сізге бұйымды мүмкіндігінше тиімді пайдалануға, сонымен қатар қауіпсіз және дұрыс орнатуды, пайдалануды және қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге көмектесетін маңызды ақпаратты қамтиды. Тиісті және қауіпсіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында болашақта оны пайдалану үшін осы нұсқаулықты қауіпсіз жерде сақтап қойыңыз.

Тоңазытқышты сатқан, оны үшінші тұлғаларға берген немесе көшкен жағдайда жаңа иесі өніммен және қауіпсіздік нұсқауларымен таныса алуы үшін нұсқаулықты қоса табыс етіңіз.

Шартты белгілер



Назар аударыңыз - қауіпсіздік техникасы бойынша маңызды ақпарат



Жалпы ақпарат және ұсыныстар



Қоршаған ортаны қорғау бойынша ақпарат

Көдеге жарату



Қоршаған ортаны және адам денсаулығын қорғауға көмектесіңіз. Қаптайтын материалдарды кейіннен қайта өңдеу үшін арнайы контейнерлерге салыңыз. Пайдаланылған электрлік және электрондық аспаптарды өңдеуге көмектесіңіз. Осындай символ түріндегі таңбаламасы бар аспаптарды тұрмыстық қалдықтармен бірге көдеге жаратпаңыз. Бұйымды қалдықтарды өңдейтін жергілікті пунктке немесе муниципалдық басқармаға жүгініңіз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Жарақат алу немесе тұншығу қатері!

Суытқыш агенттер мен газдарды көдеге жарату кәсіби түрде жүзеге асырылуы тиіс. Лайықты түрде көдеге жаратар алдында суытқыш агенттің айналым жүйесінің түтіктері зақымдалмағанына көз жеткізу керек. Тоңазытқышты электр желісінен ажыратыңыз. Қуат беру баусымын кесіп алыңыз және оны көдеге жаратыңыз. Ішінде балалар мен үй жануарларының жабылып қалуына жол бермеу үшін астаулар мен жәшіктерді, сондай-ақ есік ілмектері мен тығыздағыштарды шешіп алыңыз.

МАЗМҰНЫ

Мақсаты бойынша пайдалану	4
Қауіпсіздік	5
Бұйымның сипатталуы	8
Пайдалану	10
Жабдық	20
Күтім жасау және тазалау	23
Ақаулықтарды іздеу және жою	26
Орнату	29
Техникалық деректер	33
Сатып алушыларға қызмет көрсету	34

МАҚСАТЫ БОЙЫНША ПАЙДАЛАНУ

Мақсаты бойынша пайдалану

Бұл бұйым тамақты тоңазытуға және мұздатуға арналған. Ол тек қана құрғақ тұрмыстық үй-жайлардың ішінде пайдалануға арналған. Ол коммерциялық және басқа мақсаттарда пайдалануға жарамсыз.

Өзгерістер енгізуге және құрылғыны жетілдіруге тыйым салынады. Мақсаттан тыс пайдалану қауіптерге немесе кепілдіктен айырылуға әкелуі мүмкін.

Өндіруші бұйымның конструкциясы мен жиынтықталуына қосымша ескертусіз өзгерістер енгізу құқығын сақтайды.

Аксессуарлар

Осы тізімде көрсетілген барлық аксессуарлардың және әдебиеттің бар болуын тексеріңіз:



* Тек қана A3FE742C*JRU үлгісі үшін

** Тек қана C3FE744C*JRU үлгісі үшін



Ескерту

Кейбір үлгілердің техникалық өзгеруіне және ерекшеліктеріне байланысты осы нұсқаулықтағы кейбір суреттер Сіздің үлгіңізден ерекшеленуі мүмкін.

Бұйымды алғашқы рет іске қосар алдында

Не істеу қажет...

- Тасымалдаудан кейін бүлінулер жоқ екендігіне көз жеткізу.
- Барлық қаптау материалдарың шешілгеніне және балалар үшін қолжетімсіз жерде екендігіне көз жеткізіңіз.
- Өнімді орнатар алдында суытқыш агенттің айналым жүйесінің тиімді жұмысын қамтамасыз ету үшін кем дегенде екі сағат күту керек.
- Бұйымды кем дегенде екі адам тасымалдау қажет, өйткені ол өте ауыр.
- Тоңазытқышты жақсы желдетілетін үй-жайда орнатыңыз. Тоңазытқыштың айналасында 20 см кем емес бос кеңістік бар екендігіне көз жеткізіңіз. Тоңазытқышты оның өлшемдеріне және пайдалану ерекшелітеріне сәйкес келетін жерде орнатыңыз және тегістеніз.
- Құрылғының немесе құрылымның желдеткіш саңылаулары ендірілген жерді бітеліп қалудан бос сақтаңыз.
- Зауыттық тақтайшадағы электрлік бөлік бойынша ақпарат қуат беру желісіне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз. Кері жағдайда электршіге жүгініңіз.
- Бұйым 220-240 В айнаымалы ток/50Гц қуат беру көзінен жұмыс істейді. Қажетті мәннен кернеудің айтарлықтай ауытқуы өнімді қосудың мүмкін еместігіне және оның дұрыс жұмыс істемеуіне, сондай-ақ температура реттегішінің немесе компрессордың зақымдалуына әкелуі мүмкін, нәтижесінде әдеттен тыс шу пайда болады. Кернеудің қажетті мәннен айтарлықтай ауытқуын жою үшін автоматты реттегішті пайдалану ұсынылады.
- Қуат көзі ретінде оңай қолжетімді болып табылатын жерге тұйықталған жеке розетканы пайдаланыңыз. Осы құрылғы жерге тұйықталған болуы тиіс.
- Штепсель оңай қолжетімді екендігіне көз жеткізіңіз.
- Қуат беру баусымы тоңазытқышпен қысылмағанына көз жеткізіңіз. Қуат беру баусымына баспаңыз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Электрлік кабельді және штепсельді зақымдамау үшін сақтық танытыңыз. Егер қуат беру баусымы бүлінген болса, оны ауыстыру үшін өндіруші фирмаға немесе сервистік агентке жүгіну қажет.

Не істемеу қажет...

- Бұйымның тура күн сәулелерінің әсеріне ұшырайтын жерде, немесе жылу көздеріне (мысалы, асуі плиталарына, жылытқыштарға) жақын орнатылуын жүргізуді.
- Суытқыш агент айналымы жүйесінің бүлінуіне жол беруге. Ол бүлінген жағдайда тоңазытқышты пайдаланбаңыз.
- Көп істікті қосқышы бар адаптерді, жалғастырғаштарды, ұзартқыштарды пайдалануға.

Күнделікті пайдалану барысында

Не істеу қажет...

- Бұл құрылғыны 8 және одан жоғары жастағы балалар, сондай-ақ денелік, сенсорлық немесе ақыл-ой мүмкіндіктері шектеулі немесе қадағалауда тәжірибесі мен білімі жоқ адамдар немесе құрылғыны қауіпсіз тәсілмен пайдалану туралы нұсқау берген және осындай қауіпті адамдарды түсінген жағдайда пайдалануға болады.
- 3 жасқа дейінгі балалар, егер оларға үнемі қадағалау жүргізілмесе, бұйымнан қышықтықта болуы тиіс.
- Балалар бұйыммен ойнамауы тиіс.
- Егер балалар тоңазытқышты тазаласа немесе оған қызмет көрсетсе, олар қадағалауда болуы тиіс.
- Тоңазытқышты розеткадан ажыртақанда қуат беру баусымынан емес, ашадан ұстаңыз.
- Егер қуат беру баусымы бұзылған болса, қауіп төнбеуі үшін оны өндіруші фирмаға, оның сервитик агентіне немесе басқа білікті мамандарына ауыстыру үшін жүгіну қажет.
- Көмір газы немесе ұқсас тез тұтанатын газ тоңазытқышқа жақын жерде ағып кетсе, төмендегі нұсқауларды орындаңыз: ағып кететін газ шыққан құбыр шұрасын жауып, есіктер мен терезелерді ашып, тоңазытқышты немесе кез келген басқа өнімді розеткадан суырып алмаңыз және оны розеткаға қоспаңыз.
- Есіктерді тек қана тұтқалардан ұстап ашыңыз және жабыңыз. Есіктер арасындағы және есіктер мен шкаф арасындағы қашықтық тым аз. Саусақтар қысылып қалмауы үшін онда қолдарыңызды тықпаңыз. Тоңазытқыштың есіктерін есік қозғалысының шектерінде балалар болмағанда ғана ашыңыз және жабыңыз.
- Кез келген профилактикалық қызмет көрсетер алдында тоңазытқышты қуат беру желісінен ажыратыңыз. Тоңазытқышты қайталап іске қосар алдында кем дегенде 5 минут күту қажет, өйткені жиі іске қосу және сөндіру компрессордың бұзылуына өкелуі мүмкін.
- Тұтануға, сонымен қатар электр қуатының жоғары тұтынылуына, жол бермеу үшін тоңазытқыштың артқы жағындағы шаңды кемінде жылына бір рет тазалап отырыңыз.
- Осы бұйым арнайы температуралық диапазонда (10-нан 43°C дейін) пайдалануға арналғанын ескеру қажет. Бұйым қате жұмыс істеуі мүмкін, егер ол көрсетілген диапазонның мәндерінен жоғары немесе төмен температурада қалдырылатын болса.
- Мұздатқыш камерада температура жоғарлаған жағдайда азық-түліктің күйін тексеріңіз.

Не істемеу қажет...

- Қажеттілік болмағанда тоңазытқыш камерада айрықша төмен температураны орнату. Баптаулардың жоғары мәндерін орнатқан жағдайда температура теріс мәндерге дейін төмендеуі мүмкін. Назар аударыңыз: Шөлмектер жарылып кетуі мүмкін.
- Тоңазытқышта сақтаудың дәл температурасы қажет медициналық препараттарды, және сонымен қатар бактерияларды немесе химиялық заттектерді сақтау.
- Мұздатқыш камерада сұйықтықтарды, әсіресе газдалған сусындарды, (күшті алкогольдік сусындарды қоспағанда) шөлмектерде немесе қаңылтыр құтыларда сақтауға, өйткені мұздатқан кезде олар жарылып кетуі мүмкін.
- Тоңазытқыштың жоғарғы бөлігіне тұрақсыз заттарды (ауыр заттарды, суы бар контейнерлерді) осы заттардың құлауы немесе электр тогымен зақымдану салдарынан жарақат алмау үшін орналастыру керек, бұл судың кернеудегі бөлшектерге түсуі нәтижесінде орын алуы мүмкін.

ҚАУІПСІЗДІК

- Есік сөрелерінен тартуға. Есік еңкейгенде шөлмектерді ұстауға арналған ұстағыш бөлініп қалуы мүмкін, немесе тоңазытқыш аударылып құлауы мүмкін.
- Суытқыш агент айналымы жүйесінің бүлінуіне жол беруге. Ол бүлінген жағдайда тоңазытқышты пайдаланбаңыз.
- Мұздатқыш камеранң сақтау бөлігінің есігіне немесе сақтауға арналған жәшікке басуға.
- Жұмыс істеп тұрған мұздатқыш камераның сақтау бөлігінің ішкі бетіне қол тигізуге, әсіресе дымқыл қол тигізуге, өйткені олар бетке қатып жабысып қалуы мүмкін.
- Мұздатылған азық-түлікке дымқыл қол тигізуге (қолғап кию). Әсіресе таяқшадағы жемісті балмұздақты мұздатқыш камерадан алып шыққаннан кейін бірден жеу ұсынылмайды. Үсіп қалу немесе күлдіреулер пайда болу қатері бар. АЛФАШҚЫ көмек: дененің зардап шеккен бөлігін дереу суық ағынды судың астына салу.
- Мұздап қатып қалған заттарды күш салып тартпаңыз!
- Қырау мен мұзды үшкір заттардың көмегімен қырып алуға. Пластик бөлшектерді бүлдіріп алмау үшін аэрозольдарды, электрлік жылытқыштарды (мысалы, жылытқыштарды, бумен тазартқыштарды немесе жылудың басқа көздерін) пайдаланбаңыз.
- Тоңазытқышты қатты щекалардың, сымды щеткалардың, ұнтақты жуғыш құралдың, бензиннің, амиллацетаттың, ацетон мен ұқсас органикалық ерітінділердің, қышқылдың немесе сілтілі ерітінділердің көмегімен тазалауға. Бұзылулардың пайда болуына жол бермеу үшін тазалау тоңазытқышқа арналған арнайы жуғыш құралды пайдаланумен жүргізілуі тиіс.
- Тазалауды аэрозольдердің немесе сұйықтық ағынының көмегімен жүргізуге.
- Тазалаған кезде су немесе буды шашыратуға.
- Суық шыны сөрелерді ыстық сумен тазалауға. Температураның кенет өзгеруінің нәтижесінде шыны жарылып кетуі мүмкін.
- Азық-түлік сақтауға арналған бөліктердің ішінде электр аспаптарды пайдалануға, егер олар өндіруші ұсынған түрге жатпаса.
- Тоңазытқышты өз бетінше жөндеуге тырысуға. Жөндеу жүргізу қажеттілік болған жағдайда сатып алушыларды қолдау қызметіне жүгінізіз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Тоңазытқышта немесе оған жақын жерде жанғыш, жарылғыш немесе коррозиялық заттарды сақтауға немесе пайдалануға болмайды.

Суытқыш агентінің газы бойынша ақпарат




НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Тоңазытқышта ИЗОБУТАН (R600a) жанғыш суытқыш агенті бар. Тоңазытқышты тасымалдау немесе орнату кезінде суытқыш агенттің айналым жүйесі зақымдалмағанына көз жеткізіңіз. Суытқыш агенттің шығып кетуі көздің зақымдануына немесе тұтануға әкелуі мүмкін. Жүйе бүлінген жағдайда оттың көздері жеткілікті қашықтықта болуы тиіс, үй-жайды желдету қажет, тоңазытқышты және басқа аспаптарды розеткаға қосуға немесе розеткадан ажыратуға болмайды. Сатып алушыларды қолдау қызметіне жүгініңіз.

Суытқыш агент көзге түскен жағдайда оларды ағынды сумен мұқият жуып шаю және дереу дәрігерге жүгіну қажет.


A3FE742C*JRU үлгісі



- | | |
|---|---|
| 1 Тоңазытқыштың жарықдиодты шамы | 9 Есіктің жоғарғы сәресі |
| 2 Зауыттық тақтайша | 10 Есіктің төменгі сәресі |
| 3 Шыны сөрелер | 11 «Менің аймағым» («My Zone») жәшігі |
| 4 Температураның О.К.-индикаторы (қосымша) | 12 Мұздатқыш камера жәшігінің жарықдиодты шамы |
| 5 Жемістер мен көкөністерге арналған жәшіктің қақпағы | 13 Мұздатқыш камераның алдын ала мұздатуға арналған сәресі бар жоғарғы жәшігі |
| 6 Жемістер мен көкөністерге арналған жәшік | 14 Мұздатқыш камераның алдын ала мұздатуға арналған сәресі бар төменгі жәшігі |
| 7 «Менің аймағым» шыны қақпағы | 15 Реттелетін аяқшалар |
| 8 Арнайы жәшік | |

БҰЙЫМНЫҢ СИПАТТАЛУЫ

C3FE744C*JRU үлгісі



- | | |
|---|---|
| 1 Тоңазытқыштың жарықдиодты шамы | 8 «Менің аймағым» («My Zone») жәшігі |
| 2 Зауыттық тақтайша | 9 Мұздатқыш камераның жоғарғы жылжымалы жәшігі |
| 3 Шыны сөрелер | 10 Мұздатқыш камераның орташа жылжымалы жәшігі |
| 4 Температураның О.К.-индикаторы 1 (қосымша) | 11 Мұздатқыш камераның төменгі жылжымалы жәшігі |
| 5 Жемістер мен көкөністерге арналған жәшіктің қақпағы | 12 Реттелетін аяқшалар |
| 6 Жемістер мен көкөністерге арналған жәшік | 13 Есіктің жоғарғы сөресі |
| 7 «Менің аймағым» шыны қақпағы | 14 Есіктің төменгі сөресі |


Алғашқы рет пайдаланар алдында

- Барлық қаптау материалдарды алып тастаңыз, оларды балалар үшін қолжетімсіз жерде сақтаңыз және экологиялық қауіпсіз тәсілмен кәдеге жаратыңыз.
- Азық-түлікті орналастырар алдында тоңазытқыштың ішкі және сыртқы беттерін сумен және бейтарап жуғыш құралмен тазалаңыз.
- Тоңазытқышты тегістегеннен және тазалағаннан кейін оны қуат беру желісіне қосар алдында кем дегенде 2 сағат күту қажет. ОРНАТУ тарауын қар.
- Азық-түлікті орналастырар алдында камераларды алдын ала төмен температурада салқындатыңыз. Камераның «Жылдам тоңазыту» және «Жылдам мұздату» функцияларының көмегімен жылдам тоңазытуға болады.
- Тоңазытқыш және мұздатқыш камерада сәйкесінше 5° С және -18° С температурасы орнатылады. Бұл ұсынылған баптаулар. Қалау бойынша осы баптауларды қолмен өзгертуге болады. ФУНКЦИЯЛАР.


ПАЙДАЛАНУ

Басқару панелі

A3FE742C*RU үлгісі



C3FE744C*JRU үлгісі



Батырмалар:

- A Тоңазытқыш камераны реттеу
- B «Менің аймағымды» «My Zone» реттеу
- C Мұздатқыш камераны сөндіргіш
- D Арнайы жәшікті/ үнемі тоңазыту режимін сөндіргіш
- E Fuzzy режимін сөндіргіш
- F Демалыс режимін сөндіргіш
- G Панельді бұғаттауды сөндіргіш
- H Тоңазытқыш камераның сөндіргіші

Индикаторлар:

- a1 Жылдам тоңазыту функциясы
- a2 Тоңазытқыш камераның температурасы
- b «Менің аймағымның» «My Zone» температурасы
- c1 Жылдам мұздату функциясы
- c2 Мұздатқыш камераның температурасы
- d Үнемі тоңазыту функциясы
- e Fuzzy режимі
- f Демалыс режимі
- g Панельді бұғаттау
- h Тоңазытқыш камераны сөндіру функциясы

Сенсорлық пернелер

Басқару панеліндегі пернелер сенсорлық болып табылады және саусақтың жеңіл басуына әрекет етеді.

Тоңазытқышты іске қосу/сөндіру

Тоңазытқыш қуат беру желісіне қосылғаннан кейін бірден жұмыс істей бастайды.

Тоңазытқышты алғашқы рет іске қосқанда температура -5°C -ге жеткенше, немесе тоңазытқыштың 1 сағат ішінде жұмыс істегенінен кейін дисплейде “с2” индикаторы көрсетіледі. Температураның көрсетілетін “а2”, “Б” және “с2” мәндері камерадағы температураның ағымдағы мәндеріне сәйкес болады.



Ескерту

- Тоңазытқышта ұсынылған температура 5°C (тоңазытқыш камера) және 18°C (Мұздатқыш камера) алдын ала белгіленген. Қоршаған ортаның стандартты температурасында температураны баптауды жүргізу қажет емес.
- Тоңазытқышты іске қосқанда немесе оны қуат беру желісінен ажыратқанда температураны түзету және талап етілетін мәнге жету үшін 12 сағатқа дейін алуы мүмкін.

Тоңазытқышты сөндіреді алдында оның ішінен азық-түлікті алып шығыңыз. Сөндіру үшін ашаны розеткадан алып шығыңыз.

Күту режимі

Пернеге басқаннан соң 30 секунд өткеннен кейін дисплей автоматты түрде сөнеді. Дисплейді автоматты бұғаттау іске қосылады. Ол кез келген пернеге басқанда немесе есікті ашқанда автоматты түрде жанады (дабыл сигналы іске қосылғанда дисплей жанбайды).

Жұмыс режимін таңдау

Тоңазытқышты баптаудың екі жолы бар:

1) Fuzzy режимі

Fuzzy режимінде тоңазытқыш температураны сыртқы ауа температурасына және бұйымдағы температураның өзгерістеріне сәйкес автоматты түрде баптауы мүмкін. Қандай да болса айрықша талаптар болмаған жағдайда Fuzzy режимін пайдалану ұсынылады.

2) Режимді қолмен баптау:

Егер белгілі бір тағамдарды сақтау үшін тоңазытқыштың температурасын қолмен реттеу қажет болса, температураны реттеу батырмасымен температураны орнатуға болады (қар. ТЕМПЕРАТУРАНЫ БАПТАУ).

ПАЙДАЛАНУ

Панельді бұғаттау/бұғаттан шығару

- Панельдің барлық элементтерін бұғаттау үшін «G» батырмасын басыңыз және 3 секунд ұстап тұрыңыз. Тиісті «G» индикаторы көрсетілетін болады.
- Бұғаттаудан шығару үшін көрсетілген батырманы тағы бір рет басыңыз.




Ескерту

Егер 30 секунд ішінде бірде-бір батырма басылмайтын болса, басқару панелі автоматты түрде бұғатталады. Кез келген баптауларды орындау үшін басқару панелін бұғаттаудан шығару қажет.

Есіктің/жәшіктің ашылуының дыбыстық сигналы


Егер тоңазытқыштың есігі немесе мұздатқыш камераның жәшігі 3 минуттан артық ашық күйде қалдырылған болса, есіктің/ жәшіктің ашылу дабылының дыбыстық сигналы іске қосылатын болады. Бұл сигналды есікті/ жәшікті жабу жолымен немесе басқару панеліндегі батырманы басу жолымен сөндіруге болады. Егер есік/жәшік 7 минуттан артық ашық күйде қалдырылған болса, тоңазытқыштың ішіндегі/тоңазытқыш есігінің астындағы жарықтандыру және басқару панелінің жарықтандыруы автоматты түрде сөнеді.



Температураны баптау


Камераның ішіндегі температураға келесі факторлар әсер етеді:

- Сыртқы ортаның температурасы
- Есіктің ашылу жиілігі
- Сақталатын азық-түліктің мөлшері
- Бұйымның орнатылуы



Тоңазытқыш камераның температурасын баптау

1. Панельді, егер ол бұғатталған болса, бұғаттан шығарыңыз.
2. Тоңазытқыш бөлімді таңдау үшін «A» (Тоңазытқыш камера) батырманы басыңыз. «a2» индикаторы жанады.
3. Тоңазытқыш камераның температурасын орнату үшін «A» батырмасын баыңыз. Температура біртіндеп 1°C-ге минималды 2°C-ден максималды 8°C жейін жоғарлайды, кейінгі басқанда қайта 2°C температурасы орнатылады. Тоңазыту камерасындағы оңтайлы температура 5°C құрайды. Қажеттілік болмағанда бұдан төменірек температураларды пайдаланғанда тұтынылатын электр қуатының мөлшері жоғарлайды.
4. Растау үшін кез келген батырманы, «A» (Тоңазытыш камера) батырмасын қоспағанда, басыңыз, немесе 5 секундтан кейін баптау автоматты түрде сақталады. «a2» индикаторы жануын тоқтатады.




Мұздату камерасының температурасын баптау

1. Панельді, егер ол бұғатталған болса, бұғаттан шығарыңыз.
2. Мұздату бөлімін таңдау үшін «С» (Мұздатқыш камера) батырмасын басыңыз. «с2» индикаторы жанады.
3. Мұздатқыш камерада температураны орнату үшін «С» (Мұздатқыш камера) батырмасын басыңыз. Температура біртіндеп 1°C-ге минималды -16°C-ден максималды -24°C жейін жоғарлайды, кейінгі басқанда қайта -16°C

температурасы орнатылады. Мұздату камерасындағы оңтайлы температура -18°C құрайды. Қажеттілік болмағанда бұдан төменірек температураларды пайдаланғанда тұтынылатын электр қуатының мөлшері жоғарлайды.

4. Растау үшін көз келген батырманы, «С» (Мұздатқыш камера) батырмасын қоспағанда, басыңыз, немесе 5 секундтан кейін баптау автоматты түрде сақталады. «с2» индикаторы жануын тоқтатады.



Жылдам тоңазыту функциясы

Азық-түлікті көп мөлшерде жайғастырған жағдайда (мысалы, сатып алулар жүргізгеннен кейін) жылдам тоңазыту функциясын іске қосуға болады. Жылдам тоңазыту функциясының көмегімен жаңа азық-түліктің тоңазытылуы жылдамдатылады, және де бұрын орналастырылған азық-түлік қалаусыз жылытудан қорғалады. Әдепкі қалпы бойынша + 2 °C температурасы орнатылады.

1. Панельді, егер ол бұғатталған болса, бұғаттан шығарыңыз.
2. «А» батырмасын (Тоңазытқыш камера) 3 секунд ішінде басылған күйде ұстап тұрыңыз. «a1» индикаторы жанады және функция іске қосылатын болады.
3. Жылдам тоңазыту функциясын сөндіру үшін ұқсас операцияны орындау қажет.



Ескерту

Бұл функция автоматты түрде 3 сағаттан кейін сөндіріледі.



Жылдам мұздату функциясын

Жаңа өнімдер мүмкіндігінше жылдамырақ мұздатылуы тиіс. Бұл олардың максималды құнарлылық құндылығын, сыртқы түрін және дәмін сақтап қалуға мүмкіндік береді. Жылдам мұздату функциясы жаңа өнімдерді мұздатуды жылдамдатуға мүмкіндік береді және сақталып тұрған азық-түлікті қалаусыз жылудан қорғайды. Бір ретте көп мөлшердегі азық-түлікті мұздату қажет болғанда мұздату

камерасын пайдаланар алдында 24 сағат бұрын жылдам мұздату функциясын іске қосу ұсынылады.

1. Панельді, егер ол бұғатталған болса, бұғаттан шығарыңыз.
2. «С» батырмасын (Мұздатқыш камера) басыңыз және 3 секунд ішінде ұстап тұрыңыз. «с1» индикаторы жанады және функция іске қосылатын болады.
3. Жылдам мұздату функциясын сөндіру үшін ұқсас операцияны орындау қажет.




Ескерту

Жылдам мұздату функциясы 56 сағатан кейін автоматы түрде сөнеді. Содан кейін тоңазытқыш бұрынғы режимде жұмыс істейтін болады.

«Менің аймағым» («My Zone») жәшігі

Тоңазытқыш бөлік «Менің аймағым» жәшігімен жабдықталған. Азық-түлікті сақтауға қойылатын талаптарға сәйкес, азық-түліктің құнарлылық құндылығын қамтамасыз ету үшін ең сәйкес келетін температура таңдалуы мүмкін. Сақтау температурасы болуы мүмкін



- +2 °C ~5 °C температура көкөністер мен жемістерді сақтауға жарамды,
- -2°C ~2 °C температура жас балықты, етті және дайындалған тамақты 1-2 күн ішінде сақтауға жарамды
- -3 °C температура мұздатылған азық-түлікті жібіту үшін пайдаланылуы мүмкін, жібіткеннен кейін азық-түлік ішінара мұздатылған болады және оны турау ыңғайлы түседі.




Ескерту

- Еттің құрамында су әртүрлі мөлшерде болғандықтан құрамында ылғалы көп еттің кейбір түрлері 0°C-ден төмен температурада мұздатылады. Осылайша, «лезде туралған» ет «Менің аймағым» жәшігінде мин. 0°C температурада сақталуы тиіс.
- Суыққа сезімтал жемістер (ананастар, авокадо, банандар, грейпфруттар) және көкөністер (картоп, баялды, үрмебұршақ, қияр, цукини және томаттар) мен ірімшік «Менің аймағым» жәшігінде сақталмауы тиіс.


«Менің аймағым» жәшігіне арналған температураны баптаңыз

1. Панельді, егер ол бұғатталған болса, бұғаттан шығарыңыз.
2. «Менің аймағым» жәшігін таңдау үшін «B» батырмасын (менің аймағым) басыңыз. «b» индикаторы жанады.
3. «Менің аймағым» жәшігінің температурасын баптау үшін «B» батырмасын (Менің аймағым) тағы бір рет басыңыз. Температура біртіндеп 1°C-ге минималды -3°C-ден максималды 5°C-ге дейін жоғарлайды, кейінгіде басқанда тағы -3°C температура орнатылады.
4. Растау үшін кез келген батырманы, «B» батырмасын (Менің аймағым) қоспағанда, басыңыз, немесе 5 секундтан кейін баптау автоматты түрде сақталады.



Ескерту

«Менің аймағымның» сақтау температурасының мәні тоңазытқыш камера температурасының мәнінен жоғары бола алмайды.




Үнемі тоңазыту функциясы (Арнайы жәшік) (Тек қана А3FE742C*JRU үлгісі)

Үнемі тоңазыту функциясын іске қосқанда арнайы жәшікте сақталатын сусындарды бөлме температурасынан сергітетін температураға дейін 30 минут ішінде жылдам салқындатуға болады. Осы функция 30 минуттан кейін сөнеді, және камерада сусындарды сақтауға ұсынылатын

0 °C-ден 5 °C дейінгі температура орнатылады. Арнайы жәшіктегі температураға тоңазытқыш камерадағы температура әсер етеді.


- Панельді, егер ол бұғатталған болса, бұғаттан шығарыңыз.
- Арнайы жәшікті таңдау үшін «D» батырмасын (Үнемі тоңазыту) басыңыз. «d» индикаторы жанады және функция іске қосылатын болады.
- Жылдам функцияны қолмен сөндіру үшін ұқсас операцияны орындау қажет.



Fuzzy режимі

Fuzzy режимінде тоңазытқыш температураны сыртқы ауа температурасына және бұйымдағы температураның өзгерістеріне сәйкес автоматты түрде баптауы мүмкін.

- Панельді, егер ол бұғатталған болса, бұғаттан шығарыңыз.
- «E» (Fuzzy) батырмасын басыңыз.
- «e» индикаторы жанады және функция іске қосылатын болады.
- Функция «E» (Fuzzy) батырмасына қайталап басу жолымен немесе басқа баптауды орындаумен сөндіріледі.



«Демалыс» функциясы

Осы функцияның көмегімен тоңазытқыш камерада тұрақты 17°C температура орнатылады.

Бұл бос тоңазытқыштың есігін жабық күйде ұзақ болмаған жағдайда (мысалы, демалыс кезінде) иістің және зеңнің пайда болуынсыз сақтауға мүмкіндік береді. Мұздатқыш камерадағы температураның бапталуы өздігінен орындалады.

- Панельді, егер ол бұғатталған болса, бұғаттан шығарыңыз.
- «F» (Демалыс) батырмасын басыңыз.
- «f» индикаторы жанады және функция іске қосылатын болады.
- Функция «F» (Демалыс) батырмасын басу жолымен, тоңазытқыш температурасын орнатумен немесе басқа баптауды жүргізумен сөндіріледі.




НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Демалыс функциясын пайдаланғанда тоңазытқышта азық-түлік сақталмауы тиіс. +17 °C температура азық-түлікті сақтау үшін тым жоғары болып табылады.

ПАЙДАЛАНУ

Тоңазытқыш камераны сөндіру функциясы (Тек қана C3FE744C*J RU үлгісі)

Бұл функция тоңазытқыш камераны сөндіру үшін пайдаланылады. Ол мұздатқыш камераның жұмысына әсер етпейді.



1. Панельді, егер ол бұғатталған болса, бұғаттан шығарыңыз.
2. Тоңазытқыш бөлігін сөндіру функциясын іске қосу үшін «H» (Тоңазытқыш камераны сөндіру) батырмасын басыңыз. «H» индикаторы жанады және функция іске қосылатын болады.
3. Тоңазытқыш бөлігін сөндіру функциясын сөндіру үшін ұқсас операцияны қолмен орындау қажет.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Тоңазытқышты сөндіретін алдында оның ішінен азық-түлікті алып шығыңыз.
- Тоңазытқыш камераны сөндіру функциясы іске қосылып тұрғанда тоңазытқыш бөлімнің есігі жағымсыз иістің және зеңнің пайда болуына жол бермеу үшін ашық күйде қалуы тиіс.

Балғын өнімдерді сақтау бойынша кеңестер

Азық-түлікті тоңазытқыш камерада сақтау

- Тоңазытқыш камерадағы температура 5°C-ден аспауы тиіс.
- Ыстық тағамдарды тоңазытқышқа орналастырар алдында олар бөлме температурасына дейін салқындатылуы тиіс.
- Тоңазытқышқа орналастырылатын азық-түлікті сақтау алдында жуу және кептіру қажет.
- Иістің таралуына және дәмнің өзгеруіне жол бермеу үшін азық-түлік саңылаусыз қапталған болуы тиіс.
- Азық-түлікті тым көп мөлшерде сақтамаңыз. Олардың айналасында суық ауаның айналуын қамтамасыз ету үшін, сонымен қатар біркелкі салқындатылу үшін азық-түлік арасында қашықтық қалдырыңыз.
- Күнделікті пайдаланылатын азық-түлікті сөренің алдыңғы бөлігінде сақтау қажет.
- Азық-түлік пен ішкі қабырғалар арасында ауаның айналуын қамтамасыз ету үшін жеткілікті қашықтық болуы тиіс. Азық-түлікті тікелей артқы қабырға жанында сақтамаңыз: онда олар қатып қалуы мүмкін. Азық-түліктің (әсіресе майлы немесе қышқылдықты) ішкі қаптамамен түйісуіне жол бермеңіз, өйткені май/қышқыл оның жемірілуіне әкелуі мүмкін. Майлы/қышқылдықты ластанулар анықталғаннан кейін бірден оларды сүртіп алыңыз.
- Азық-түліктің жібітілуін тоңазытқыш камерада жүргізу қажет. Осылай камерада төмен температура сақталатын болады, бұл электр қуатын үнемдеуге мүмкіндік береді.
- Тоңазытқышта жемістер мен көкөністердің (цукини, қауын, папайя, банандар, ананастар және т. б.) ескіру процесі жылдамдатылуы мүмкін. Сөйтіп, оларды тоңазытқышта сақтау ұсынылмайды. Бірақ тым жасыл жемістердің белгілі бір уақыт ішінде пісіп жетуі неғұрлым тиімді болуы мүмкін. Пияз, сарымсақ, зімбір мен басқа тамыржемістерді бөлме температурасында сақтау қажет.
- Тоңазытқыш камераның ішінде жағымсыз иістердің пайда болуы бірдеңенің төгілуінің белгісі болуы мүмкін, бұл жағдайда тазалау жүргізу қажет. КҮТІМ ЖАСАУ ЖӘНЕ ТАЗАЛАУ тарауды қар.
- Өртүрлі азық-түлік өздерінің қасиеттеріне сәйкес өртүрлі жерлерде жайғастырылуы тиіс:

Азық-түліктің жайғастырылуы


Май, ірімшік	Есіктің жоғарғы сөресі
Жұмыртқа	Есік сөресі
Жемістер, көкөністер, салат	Жемістер мен көкөністерге арналған жәшік немесе "Менің аймағым" жәшігі (2°C~5°C)
Ет, шұжық, ірімшік, сүт	Төменгі бөлік (төменгі аймақ / жемістер мен көкөністерге арналған жәшіктің үстендегі аражабын)
Сүт өнімдері, консервіленген тамақ, қаңылтыр құтылар	Жоғарғы бөлік немесе есік сөресі
Сусындар, шөлмектер, тубиктер	Есік сөресі
Жаңа сойылған ет, жаңа ауланған балық, сосискалар, дайындалған тағамдар	"Менің аймағым" жәшігі (2°C~5°C)
Сусындар	Үнемі салқындату функциясы бар арнайы жәшік (Тек қана A3FE742C/JRU үлгісі)

Мұздатқыш камерада сақтау

- Мұздатқыш камераның температурасын -18°C деңгейде сақтаңыз.
- Мұздатуға дейін 24 сағат бұрын жылдам мұздату функциясын іске қосыңыз; азық-түлік аз мөлшерде болғанда 4-6 сағат жеткілікті.
- Ыстық тағамдарды мұздатқыш камераға орналастырар алдында олар бөлме температурасына дейін салқындатылуы тиіс.
- Кішкентай бөліктерге бөлшектенген азық-түлік тез мұздатылады, сондай-ақ оларды жібіту мен дайындау жеңіл болады. Бөліктердің әрқайсысы үшін ұсынылған салмақ: 2,5 кг
- Азық-түлікті мұздатқыш камераға орналастырар алдында оларды қаптау ұсынылады. Пакеттер бір-біріне жабысып қалмауы үшін қаптаманың сыртқы беті құрғақ болуы иіс. Қаптау материалдары иіссіз, саңылаусыз, улы емес және ұятты емес болуы тиіс.
- Сақтау мерзімі аяқталуына жол бермеу үшін әртүрлі азық-түліктің сақтау мерзімдеріне сәйкес қаптамадағы азық-түліктің мұздатылған күніне, сақталу мерзімі мен атауына назар аударуды сұраймыз.
- **HAZAR АУДАРЫҢЫЗ:** Қышқыл, сілте және тұз мұздатқыш камераның ішкі бетінің жемірілуіне әкелуі мүмкін.
- Құрамында осы заттар бар азық-түлікті (мысалы, теңіз балығын) тікелей ішкі бетке орналастырмаңыз. Мұздатқыш камерадағы тұзды суды дереу алып шығару керек.
- Азық-түліктің өндіруші ұсынған сақтау мерзімдерінен аспаңыз. Мұздатқыш камерадан азық-түліктің тек қана қажетті мөлшерін алып шығыңыз.
- Жібітілген азық-түлікті мүмкіндігінше жылдам жеп бітіру қажет. Жібітілген азық-түлік, егер олар дайындалған болмаса, қайталап мұздатылмауы тиіс, әйтпесе олар жеуге жарамсыз болады.
- Мұздатқыш камераға азық-түліктің артық мөлшерін орналастырмаңыз. Мұздатқыш камераның мұздату бойынша өнімділігін басшылыққа алыңыз - ТЕХНИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕР тауын немесе типті тақтайшадағы деректерді қар.
- Азық-түлік мұздатқыш камерада -18°C -ден төмен емес температурада 2-ден 12 айға дейін, олардың қасиеттеріне байланысты (мысалы, ет: 3-12 ай, көкөністер: 6-12 ай), сақталуы мүмкін.
- Жаңа азық-түлікті мұздатқанда олар бұрын мұздатылған азық-түлікпен түйіспеуі қажет. Жібіт кету қаупі!
- Азық-түліктің жібітілуін тоңазытқыш камерада жүргізу қажет. Осылай камерада төмен температура сақталатын болады, бұл электр қуатын үнемдеуге мүмкіндік береді.

Өнеркәсіптік тәсілмен мұздатылған азық-түлікті сақтағанда келесі ұсынымдарды сақтауды сұраймыз:

- Өндіруші азық-түлікті сақтау бойынша берген нұсқауларды ылғи орындау. Осы мерзімдерден асып кетпеңіз!
- Сатып алу мен сақтау арасындағы уақыт ұзақтығы азық-түліктің сапасы сақталуы үшін мүмкіндігінше қысқа болуына тырысыңыз.
- -18°C немесе одан төмен температурада мұздатылған азық-түлікті сатып алыңыз.
- Қаптамасында мұз немесе қырауы бар азық-түлікті сатып алмауға тырысыңыз - бұл азық-түлік ішінара жібітілген және бір сәтте қайта мұздатылған болуы мүмкін дегенді білдіреді - температураның жоғарлауы азық-түліктің сапасына әсер етеді.




Ауаның көпарналы ағыны

Тоңазытқыш көпарналы ауаның ағын жүйесімен жабдықталған, оның көмегімен ауаның суық ағындары сөрелердің әр деңгейінде орналасқан. Бұл біркелкі температураны сақтауға және азық-түлік балғындығының неғұрлым ұзақ сақталуын қамтамасыз етуге көмектеседі.

Реттелетін сөрелер

Сөрелердің биіктігі Сіздің сақтау қажеттіліктеріңізге сәйкес реттелуі мүмкін.




1. Сөрелі жылжыту үшін ең алдымен оның артқы бөлігін көтеру (1) жолымен шешіп алыңыз және тартып шығарыңыз (2).

2. Қайта орнату үшін оны екі жақтағы тіректерге орналастырып, сөрелің артқы бөлігі бүйірлердегі кілттерде бекітілгенше, мүмкіндігінше артқы жайғасымға итеру қажет.



Ескерту

Сөрелің барлық ұштары бір деңгейде орналасқанына көз жеткізіңіз.




«Менің аймағым» («My Zone») жәшігі

«Менің аймағым» жәшігін пайдалану және орнату үшін ПАЙДАЛАНУ тарауын оқып шығыңыз («Менің аймағым» жәшігі)

Жемістер мен көкөністерге арналған ылғалдылығы автоматы реттелетін жәшік

